

АДАМИ ФАКТОРДЫҢ ҚОЗҒАЛЫС ҚАУІПСІЗДІГІНЕ ӘСЕРІН АЗАЙТУ ҮШІН 2022 ЖӘНЕ 2023 ЖЫЛДАР «ҚОЗҒАЛЫС ҚАУІПСІЗДІГІ МӘДЕНИЕТІН ДАМУ ТУРАСЫНДАҒЫ ЖЫЛДАРЫ» ДЕП ЖАРИЯЛАНДЫ. НЕГІЗГІ НАЗАР ПОЙЫЗДАР ҚОЗҒАЛЫСЫ ҚАУІПСІЗДІГІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУГЕ БАЙЛАНЫСТЫ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІҢ БІЛІКТІЛІГІН АРТТЫРУҒА ЖӘНЕ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ДАЯРЛЫҒЫНА АУДАРЫЛАДЫ. ПЕРСОНАЛДЫ ҮНТАЛАНДЫРУ ЖҮЙЕСІ ЕНГІЗІЛІП, ЕҢБЕК ЖАҒДАЙЛАРЫ ЖАҚСАРУДА. ҚОЗҒАЛЫС ҚАУІПСІЗДІГІН БҰЗУДЫҢ АЛДЫН АЛҒАНЫ ҮШІН 500-ДЕН АСТАМ АДАМҒА СЫЙАҚЫ БЕРІЛДІ.

Марат ШӘКЕНОВ,  
«ҚТЖ» ҰК» АҚ Қозғалыс қауіпсіздігі жөніндегі директоры



№82 (2797)  
18/10/2022

# ҚАЗАҚСТАН ТЕМІРЖОЛШЫСЫ

РЕСПУБЛИКАНСКАЯ ТРАНСПОРТНО-ЛОГИСТИЧЕСКАЯ ГАЗЕТА  
ИЗДАЕТСЯ С 12 МАЯ 1931 ГОДА

## ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНИК КАЗАХСТАНА



## АСТЫҚ ТАСЫМАЛДАУ ЖАЙЫН ТАЛҚЫЛАДЫ

«ҚТЖ» ҰК» АҚ, Ауыл шаруашылығы министрлігі және «Атамекен» ҰКП бірлескен отырысында биылғы астықты тасымалдау мәселесі талқыланды. Жиынға Қазақстан астық өңдеушілер одағы өкілдері, астық трейдерлері, ірі экспорттау мен экспедиторлар қатысты.

**Нұрай СӘРСЕНҒАЛИ,**  
Астана

Қазақстанда астық тасымалдаушы вагондар паркі 2014 жылдан бері бәсекелес ортаға берілген. Барлығы 10 мыңнан астам холпер-астық тасымалдаушы бар, соның негізгі бөлігін «Астық Транс» АҚ басқарады. Жабдық вагондар паркінде 17,5 мыңнан астам вагон бар. Соның ішінде азық-түлік жүктерін тасымалдауға жарамды 2 мың жабдық вагон «Қазтеміртранс» АҚ меншігінде.

Биыл қыркүйек айында Қазақстан ішінде астық тиеу өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 13

пайызға, экспорт 14 пайызға өскен. Ұнтақталған өнімдерді тиеу республика бойынша 34 пайызға, экспортқа жіберу 87 пайызға артқан. Вагон паркіне сұраныс шарықтау шегіне жететін кезде Қазтеміртранс вагондарына да сұраныс біршама өскен, ал оларды пайдалану бағасы нарықтан 30-40 пайыз төмен.

Отырысқа қатысушылар вагон паркін тиімді пайдалану, вагондардың орташа айналымы уақытының 60 пайызын құрайтын станцияларда бастапқы және соңғы операцияларды жүзеге асыру кезінде вагондар айналымының уақытын қысқарту, т.б. мәселелерді ортаға салды. Мәселен,

тиеу үшін 6 тәулікке дейін, түсіруге 4 тәулікке дейін уақыт кетеді. Астық тиеу демалыс күндері, яғни элеваторлар қос тарифпен жұмыс істегенде немесе жұмыс істемей тұрғанда азаяды. Сондай-ақ элеваторлардың облыс және аудан орталықтарынан алыстығына байланысты кедендік және ілесіп рұқсат беру құжаттарын ресімдеу 4 тәулікке дейін созылып кетеді.

Вагондардың нормативтік айналымын орындау және олардың тапшылығын болдырмау үшін ҚТЖ ірі жүк жөнелтушілермен бірлесіп астық жүктерін бағдарлауды ұйымдастырды, бұл вагондардың жүру жолында қайта

өңдеуді болдырмайды және тәулігіне 800 км-ге дейінгі бағдарлау жылдамдығын қамтамасыз етеді.

Жиын барысында ҚТЖ астық пен ұн тасымалдау үшін бос вагондарды бөлу бойынша елдің жетекші астық өндіруші өңірлерінде жұмыс топтарын құруды ұсынды. Олардың құрамына Ауыл шаруашылығы министрлігінің, «Атамекен» ҰКП өкілдері, жекеменшік вагон операторлары мен жүк жөнелтушілер кіреді. Қатысушылар логистиканы ұйымдастыру бойынша басқа да мәселелерді талқылап, осылай жындырды тұрақты өткізіп тұруға келісті.

Суретті түсірген Александр ЖАБЧУК

## МАҢЫЗДЫ ҚАДАМДАРДЫ АТАДЫ

Елордада өткен «Орталық Азия-Ресей» саммитінде Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Орталық Азияда көлік инфрақұрылымын дамыту мәселесін көтеріп, көлік және транзит саласындағы маңызды қадамдарды атады.

Мемлекет басшысы дәстүрлі логистикалық тізбектердегі іріліктерді айта келе, бұл жағдай өңір елдеріне көліктік-транзиттік әлеуетті толық пайдалануды талап етіп отырғанын айтты.

– Географиялық орналасуына байланысты Орталық Азия әлемдегі ең ірі нарықтар арасындағы маңызды буын болып отыр. Сондықтан қазіргі кезеңде күш-жігерімізді қолданыстағы және келешегі бар көліктік-транзиттік бағыттарды дамытуға жұмылдыру маңызды. Дүниежүзілік банктің бағалауына қарағанда, Орталық Азиядағы көлік коммуникацияларының дамуы барлық елдің жалпы ішкі өнімінің 15%-ке өсуін қамтамасыз ете алады, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент саладағы кемшіліктерді жою үшін инфрақұрылымды жаңғырту, әкімшілік рәсімдерді жеңілдету, транзит үшін қолайлы жағдай жасау, сонымен қатар, біріктірілген цифрлық логистикалық шешімдерді енгізу маңызды екенін атап өтті.

Сондай-ақ, Орталық Азия елдері мен Ресейді бірлескен инфрақұрылымдық жобаларды жүзеге асыруға шақырып, Транскаспий халықаралық көлік бағдарын дамытуға тың серпін беріліп отырғанын атап өтті.

– Перспективалы Солтүстік-Оңтүстік дәлізін одан әрі қарай дамытуға ерекше назар аудару керек. Шығыс Азиядан Парсы шығанағы елдеріне ең қысқа жол ашатын Қазақстан-Түркіменстан-Иран теміржолының әлеуетін барынша тиімді пайдалануға болады, – деді Мемлекет басшысы.

Ұлан ОРАЗ



**Салтанат АХМЕТОВА,**

заместитель директора по производственному обучению Центра оценки и развития персонала железнодорожного транспорта в Астане:

## Актуально

### В ФОРМАТЕ ОТКРЫТОГО ДИАЛОГА

Второй Евразийский форум по безопасности и цифровизации на железнодорожном транспорте состоялся в Алматы. В мероприятии участвовали представители МИИР РК, железнодорожных администраций стран СНГ, производители инженерно-технических систем обеспечения транспортной безопасности, конструкторские бюро, научно-исследовательские организации. Форум стал крупной и эффективной площадкой для обмена опытом.

**Елена КОЛДАСБАЕВА,**  
Алматы

Открывая форум, заместитель председателя правления АО «НК «ҚТЖ» Канат Альмагамбетов отметил, что происходящие глобальные изменения в мире требуют выстраивания новой транспортно-логистической архитектуры.

– Для дальнейшего развития транзитных и экспортных перевозок компания реализует ряд проектов. В частности, запланировано строительство вторых путей участка Достык – Мойынты, что существенно увеличит пропускную способность на границе с Китаем. Строительство обводной железной дороги в обход узла Алматы переключит транзитный грузопоток на короткий маршрут и разгрузит Алматинский узел в среднем на 30-40%. Также рассматривается вопрос строительства третьего погранперехода с Китаем Бахты – Тэчен и железнодорожного участка Аягоз – Бахты. До 2029 года планируется поставка еще порядка 450



локомотивов к ранее приобретенным более 500 современным грузовым и пассажирским локомотивам, – сказал Канат Альмагамбетов.

Также он отметил, что наряду с развитием инфраструктуры, увеличением количества подвижного состава и повышением грузопотока для национальной приоритетной задачей является обеспечение безопасности перевозочного процесса. ҚТЖ проводит целенаправленную работу по

предупреждению нарушений. За девять месяцев текущего года, по сравнению с аналогичным периодом прошлого года, количество нарушений безопасности движения на железной дороге снизилось на 10%. Каждое третье нарушение связано с наездами на посторонних людей, безнадзорный скот, дорожно-транспортными происшествиями на железнодорожных переездах.

(Продолжение на 3-й стр.)  
Фото автора

## ҚАРАШАДА ДАЙЫН БОЛАДЫ

Қазіргі таңда «ҚТЖ» ҰК» АҚ инфрақұрылымы мен жылжымалы құрамдары қысқы мезгілде жұмыс істеуге дайындық үстінде. Бұл бағыттағы жұмыстар 1 қарашада аяқталады.

**Райхан РАХМЕТОВА,**  
Астана

Тісті шаралардың жүргізілуін компания басшылығы мен құрылымдық бөлімшелер өкілдерінен құралған арнайы штаб реттеп отыр. Жұмыстың ең басты бағыттарының бірі – жолаушылар тасымалы кешендерін суық маусымға дайындау. Жолаушылар вагондары мен электр пойыздары қыста жұмыс істеу режиміне көшірілуде. Вокзал ғимараттарында жылыту жүйелерін тазалау, қысымын реттеу жұмыстары жүргізілді.

Қазандықтар мен жылыту трассалары да қысқа дайындалуда. Кесте бойынша жылыту маусымы үшін техникалық және тұрмыстық көмір жеткізіліп жатыр. Теміржолшылар қажеттілігі үшін 20 мың тоннадан астам көмір түсірілді. Қызметтік-техникалық ғимараттар мен электрлендірілген орталықтандыру қосандары тексеріліп, кем-кетігі жөнделуде. Дайындық шеңберінде станциялық шаруашылық бойынша жарық беру жүйелері мен бағыттама бұрмаларының пневма үрлеу құрылғыларына да ревизия жүргізілді. Сонымен қатар машиналар мен механизмдерге

техникалық қызмет көрсетіліп, жабдықтардың, жанар-жағармайдың қысқы қоры жинақталуда. Тасымал үдерісінің тұрақты жұмысын, қозғалыс қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін тораптар мен локомотивтер жүйесі қысқы режимге көшірілді. Бұған қоса теміржолшылар қысқы жұмыс киімдері және жеке қорғаныш құралдарымен қамтамасыз етілді, барлығы 180 мың дана түрлі киімдер алынды. Сондай-ақ теміржолшылар арасындағы алғашқы қыстаушыларды оқыту мәселесіне де ерекше көңіл бөлініп отыр. Быыл тәжірибелі тәлімгерлерге 5128 «алғашқы қыстаушы» бекітілген.

Жалпы алғанда 1 қарашаға дейін Қазақстан теміржолында 460 қазандықтың қысқа дайындығы толық аяқталып, 4 мыңдай өндірістік-техникалық ғимаратқа жөндеу жүргізіліп болады. 248 қар тазалау техникасы дайындалады. Қазан айының соңында арнайы комиссия барлық жұмысты тексеріп, қабылдап алады.

НАШИ ПРОГРАММЫ ПРОФЕССИОНАЛЬНОГО РАЗВИТИЯ И ПОВЫШЕНИЯ КВАЛИФИКАЦИИ ПЕРСОНАЛА АДАПТИРОВАНЫ К ПОТРЕБНОСТЯМ ПРОИЗВОДСТВЕННО-ТЕХНОЛОГИЧЕСКОГО ПРОЦЕССА ГРУППЫ КОМПАНИЙ АО «НК «ҚТЖ», КОРРЕКТИРУЮТСЯ В СООТВЕТСТВИИ С ИЗМЕНЯЮЩИМИСЯ УСЛОВИЯМИ БИЗНЕСА. В СВЯЗИ С СОБЫТИЯМИ ПОСЛЕДНИХ ЛЕТ ВНЕДРЯЕТСЯ НОВАЯ СИСТЕМА ДИСТАНЦИОННОГО ОБУЧЕНИЯ И ТЕСТИРОВАНИЯ.

## ЦИФРЫ ГОВОРЯТ:

ДЛЯ БЫТОВЫХ НУЖД  
ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНИКОВ В ПОЛНОМ  
ОБЪЕМЕ ДОСТАВЛЕНО БОЛЕЕ

**20**  
тыс. тонн

УГЛЯ

СВЫШЕ

**147**  
тыс. тонн

ГРУЗОВ ОБРАБОТАНО СТОЛИЧНЫМ  
ГРУЗОВЫМ ТЕРМИНАЛОМ  
АО «КЕДЕНТРАНССЕРВИС» ЗА 9 МЕСЯЦЕВ  
2022 ГОДА

С 15 ОКТЯБРЯ 2022 ГОДА ЛЕЕЕ

**68 000**

ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНИКОВ ЗАРАБОТНАЯ  
ПЛАТА НАЧИСЛЯЕТСЯ С ПРИМЕНЕНИЕМ  
ЕДИНОГО ОБЛАСТНОГО КОЭФФИЦИЕНТА

## КӨРСЕТКІШТЕР КӨНІЛ КӨНШТЕДІ

**Сабырхан СЕЙІЛБЕКҰЛЫ,**  
Белкөл



**Белкөл станциясының теміржолшылары үшін биылғы жыл табысты болғалы тұр. Жыл басынан бері станциялық және маневрлік жұмыстар кезінде пойыздар қозғалысы қауіпсіздігінің бұзылуына жол берілген жоқ.**

Пайдалану көрсеткіштері де көңілден шығады. Станциядан тек қыркүйек айында 49 вагонға 3136 тонна жүк тиеліп, жоспар 91 пайызға орындалған. Сондай-ақ, 500 вагоннан жүк түсіру мересін 669 вагонға жеткізіп, жоспарды 134 пайызға артығымен орындаған.



Станция бастығы Кенжебек Өтегенов қыркүйек айындағы көрсеткіштер осы болса, тоғыз айда ол 96-188 пайыз аралығын құрағанын жеткізді. Мысалы, 4970 вагоннан жүк түсіру жоспары 9319 вагонға дейін жеткізіліп, жеке 188 пайызға орындалған.

– Жоспардың өз деңгейінен асыра орындалуынан-ақ Белкөлге келетін жүктің көбейгенін байқауға болады. Яғни, теміржол көлігін пайдаланушылар артып отыр. Және де тапсырыс берушілер мен станция теміржолшыларының жоғары деңгейде ынтымақтасып жұмыс жасауының нәтижесінде бірде-бір вагонды шашау шығармай, бекітілген жұмыстар уақытты орындауда, – деді станция бастығы.

Ұжымды алға сүйрейтін кәсіби мамандар Белкөлде де аз емес. Олардың қатары станция бастығының орынбасары Ербол Сембиев, жүк қабылдап-тапсырушы Ғазиз Қыстаубаев, тауар қассірі Нәзіпа Бұлбаева, станция кезекшісі Бақытжан Назаров, кезекші жанындағы оператор Сәбит Тобашев сынды теміржолшылар толықтырып отыр.

Суретті түсірген автор

## ҚЫСҚА ДАЙЫНДЫҚ ПЫСЫҚТАЛУДА

**Шахида ЖҰМАН,**  
Маңғыстау



**Маңғыстау белгі беру және байланыс дистанциясының биылғы жұмысында біраз ілгерілеушілік байқалады. Қауіпсіздікке нұқсан келтіретін факторлар да азайған. Жақында күзгі комиссиялық байқаудан өткен мекеме үш тоқсанды да оң қорытындылап отыр.**

Биыл рельс тізбектерінің ақаусыз жұмысын қамтамасыз ету мақсатында Бейнеу мен Маңғыстау аралығында Сапа эталонына келтіру жұмыстары жүргізілуде. Телім бастығы А.Бабакуловтың ұйымдастыруымен бұл жұмыс әлі де жалғасуда. СОБ қондырғысы, соның ішінде жол қорашалары мен литерлік белгілер сырланып, жөнделуде. Дистанция мамандарының айтуынша, литерлік белгілердің жаңаруына әсіресе машинистер риза. Себебі сырланып, жөнделген белгілер анық байқалып, жақсы көрінуде екен.

– Станция мен бекеттердегі автоматты басқару жүйесін, СОБ қондырғыларын, байланыс, радиобайланыс жабдықтарын және КТСМ құрылғыларын күтіп ұстау, сонымен қатар олардың ақаусыз жұмыс жасауын қамтамасыз ету бағытында биыл аз жұмыс атқарылған жоқ. 198 шақырымдағы блок постта контактілі КПТШ-515 блогы заманауи ТМ-15 блогына ауыстырылды. СОБ кабельдеріне жөндеу жұмыстары жүргізілді. Жер бетіндегі муфтаалар сапасы жоғары СЦБС жерасты муфтасына ауыстырылды. Сонымен бірге СОБ, байланыс, КТСМ, УАЛС, радиобайланыс қондырғылары түгел тексеруден өткізіліп, күзгі байқау аясында қысқа дайындық жұмыстары пысықталуда, – дейді Маңғыстау белгі беру және байланыс дистанциясының бастығы Кеңғали Асқанбаев.

Дистанция басшысы алдағы жоспарларымен де таныстырды. №16 бекетте бұған дейін электрлік орталықтандыру постының орнына жұмысшыларға барлық жағдайы жасалған модульдік ғимарат орнатылған болатын. Енді СОБ, байланыс, радиобайланыс қондырғыларын осы ғимаратқа ауыстыру жоспарланыпты. 17 қазаннан 10 қарашаға дейін №16 бекет толық орталықтан ажыратылып, осы жұмыстар жүргізілмек. Оған қоса алдағы уақытта «Р» және «Тамаша» бекеттерінде дауыс үдеткіш құрылғысы жаңа микропроцессорлы қондырғыға ауыстырылатын көрінеді.

Айта кетейік, дистанцияда өткен жылдың тоғыз айында тоғыз ақауға жол берілсе, биыл жеті ақау орын алған. Яғни, екі ақауға болса да азайған.

## СОҢҒЫ ШАҚЫРЫМ САЛЫНЫП ЖАТЫР...



КҮРДЕЛІ ЖӨНДЕУ

**Қосұйым МҰҚАШЕВ,**  
Атырау

Жалпы, бүгінге дейін Атырау жол дистанциясы бойынша Қиғаш – Д.Нұрпейісова бекеттері аралығында және Д.Нұрпейісова бекетінің 18,857 шақырым жолы, 265 – Сағыз бекеттері аралығында Сағыз бекетінің 10,012 км жолы, барлығы 28,020 шақырым жол күрделі жөндеуден өтуі жоспарланған. Бүгінгі таңда осы жолдың ең соңғы шақырымдары салынып жатыр.

Дистанция бойынша Құлсары – Бейнеу телімінің 465 – Опорная – 464 бекеттері аралығында жоспарланған 35,446 шақырым жолдың ескі темір жол құрылымы түгел алынып, орнына су жаңа темірбетонды шпалдар және бағыттамалы бурмалар барлық технологиялық талаптар сақталып, салынып бітті. Бұрынғы рельстердің ұзындығы 25 метрлік болып бұнақталып салынатын болса, қазіргі уақытта 1500 метрлік түйіспесіз жолдар салынууда. Бұл өз кезегінде болтқа, қапсырмаға деген шығынды да азайтады.

– Құлсары – Мақат телімінің Шоқпар-

тоғай – Құлсары бекеттері аралығында жоспарланған 28,020 шақырым жол да күрделі жөндеуден өтуде. Қазіргі уақытта Құлсары станциясы басындағы жолдар салынып жатыр. Бұрынғы ағаш шпалдар түгел алынды. Жердің негіздемесі төселіп, енді шебін төсеу, нығыздау, басқа да технологиялық жұмыстар жасалуда. Бұл жұмыстар қараша айында бітеді деп жоспарланып отыр, – дейді Құлсары жол дистанциясы бастығының міндетін атқарушы Рақымжан Көрпебаев.

Оның айтуынша, бұрын Құлсары-Бейнеу телімінде пойыздар сағатына 40-50 шақырым жылдамдықпен жүрген. Енді күрделі жөндеуден өткен соң ол жолдарда жолаушы пойыздарына – 120, Тальго жүрдек пойызына – 140, ал жүк пойыздарына 100 шақырымға дейін жылдамдықпен жүруге рұқсат беріледі. Күрделі жөндеу жұмыстары барысында мердігер компания «ИнтеграТранс» ПМС телімде пойыздар қозғалысы азайған уақыттарда, көбінесе күндіз не кешке тәулігіне 6 сағаттық толаскез алып отырған. Нәтижесінде пойыздар қозғалысы кестесінде кешігу, артық шығын тіркелмеген, жоспарлы жұмыс уақытылы аяқталып, биылғы жөндеу жұмыстарына нүкте қойылмақ.

Суретті түсірген автор



## ҚАУІПСІЗДІК ДӘРІСІН ӨТКІЗДІ



АКЦИЯ

**Ақтөбе локомотив пайдалану депосының қызметкерлері темір жолға жақын маңда орналасқан мектептерге барып, оқушыларға қауіпсіздік дәрісін өткізді. Шара желілік полиция қызметінің әкімшілік бөлімі инспекторларымен бірлесіп ұйымдастырылды.**

**Ардақ ЕРУБАЕВА,**  
Ақтөбе

Қауіпсіздік акциясы – теміржол мекемелерінде жиі өткізілетін шараның бірі. Себебі қауіпсіздікті қамтамасыз етуге аптаның 7 күн, 24 сағатын арнайтын теміржолшылар үшін бұл маңызды бағыттардың бірі болып қала береді.

Бұл жолы қаладағы № 42 мектепке барып, теміржол бойында балалар мен жасөспірімдердің қауіпсіздігі және олардың қатысуымен болатын құқықбұзушылық әрекеттердің өзектілігін сөз еткен локомотившілер әсіресе теміржолды кез келген жерден кесіп өтем деп арандап қалатындар іс-әрекетіне баға беріп, оның салдарына тоқталды. Жылжымалы құрамның астынан өтуге, жылжып келе жатқан пойыз жанымен, жолаушылар платформасы бойымен жүгіруге, вагондарға жабысуға тыйым салынатыны түсіндірілді.

Сонымен қатар, қазір жасөспірімдердің әлеуметтік желіде танымал болу үшін барлық әрекетке баратыны да сын болды.



«Тик-токта тренд боламын» деп теміржол бойында түрлі әрекеттер жасап, вагонның үстіне шығып кететіндер де жоқ емес. Мұндай әрекеттердің қаншалықты қауіпті екенін нақты мысалдармен түсіндірген локомотившілер балалар пайдасыз істермен әуестеніп, өз өмірін тәуекелге тікпеуі керек екенін қатаң ескертті. Мамандар қауіпсіздік ережесін білген және оны қатаң сақтаған әрбір жан мұндай әрекеттерден аулақ болып, өз өміріне жауапкершілікпен қарайды деді. Түсіндіру жұмыстары мек-

тептің бірнеше сыныбын қамтыды. Ақтөбе локомотив пайдалану депосының өндірістік қауіпсіздік және экология секторының маманы Қайрат Данияров пен депоның аға кезекшісі міндетін атқарушы Мұрат Есмұрзаев желілік полиция қызметкерлерімен бірлесіп қауіпсіздікті қадағалаған комиссия құрамында теміржол бойындағы жаяу жүргіншілер көп өтетін орындарда тұрған радио қондырғылардың дыбыс зорайтқышының жұмысын да тексерді.

Суретті түсірген автор

## ҚАТАҢ ШАРАЛАР ҚАБЫЛДАУҒА МӘЖБҮР



КӨКЕЙКЕСТІ

**Қуаныш ҚОЖАЕВ,**  
Семей

Семей магистральдық желі бөлімшесінің басшысы Айдын Мақсұтбекұлының тікелей бастамасымен қолға алынған шаралар нәтижелі түрде жүзеге асырылуда. Желі бойындағы қараусыз мал әсіресе Семей жол дистанциясының жолшыларын қатты алаңдатууда. Оған негіз бар. Атап айтсақ, өткен жылдың тоғыз айында 44 жедел тежеу орын алған болса, биылғы жылы бұл көрсеткіш 70-ке жетіп отыр. Сол тәрізді өткен жылы бес мал басу оқиғасы орын алса, бұл көрсеткіш ағымдағы жылы 12-ге жеткен. Өткен жылы бір ғана қыркүйек айында 8 шұғыл тежеу тіркелсе, биыл оның саны 16-ға жетіп отыр. Яғни екі есе, кейбір көрсеткіштер бойынша тіпті үш есеге дейін өсіп отыр.

– Желі бойында қараусыз жайылған малдың кесірінен бөлімшедегі теміржол шаруашылықтарына біршама шығын келуде. Жанармай орынсыз жұмсалып, кейбір телімдердегі жүк және жолаушылар



пойыздарының жүріс кестелері бұзылуда. Мәселен, биыл 9 жолаушылар пойызы теміржолға шығып кеткен қараусыз мал кесірінен тоқтауға мәжбүр болған. Аталған оқиғалар біздің дистанциямызға қарасты Дегелең – Жаңа-Семей және Ауыл – Семей арасындағы қумажолдарда орын алған, – дейді ПЧ-39 мекемесінің бас инженері Мырзабек Керейбаев.

Осы жылдың тоғыз айы ішінде Семей станциясындағы желілік полиция қызметкерлері қараусыз мал мәселесі бойынша 20 істі қарап, заң аясында шешім қабылданыпты.

Мал иелеріне қомақты көлемде айыппұл салынған. Алайда, ақша төлеп құтылған 12 шаруа өзгелерге сабақ болмай тұр. Мәселе басы ашық күйде қалып отыр.

Дегенмен, қазіргі таңда Семей жол дистанциясының теміржолшылары желінің қос қапталын қараусыз малдан сақтандыру үшін қоршауға көшкен. Бұл іс әсіресе биылғы жылы ерекше қарқын алыпты. Мәселен, осыған дейін шаруа қожалықтары жиі орналасқан аумақтардағы салынған 89 шақырым қоршауға тағы да 30 шақырымдық қоршау шаруашылық тәсілмен орнатылып, қосылған. Өткен жылы тек 20 шақырым қоршау ғана салынған еді. Қараусыз мал мәселесі бұл істі ширатуға мәжбүрлеп отыр.

Сол тәрізді Дегелең – Жаңа-Семей бағытындағы барлық мал қоршаулары теміржолшылардың өз күштерімен жөнделген. Оның 6 шақырымы жаз айларында күрделі жөндеуден өткізіліпті.

Бұл айтылған деректердің барлығы – тек бір ғана Семей жол дистанциясы бойынша орын алған шаралар. Ал бөлімше көлемінде тағы төрт ПЧ бар екендігін ескерсек, қараусыз мал мәселесі қаншалықты маңызды әрі ауқымды екенін байқауға болады.

## С ОБЪЕКТИВНОЙ ОЦЕНКОЙ



**В Алматинском отделении грузовых перевозок и магистральной сети подвели итоги осеннего комиссионного осмотра.**



**Елена КОЛДАСБАЕВА,**  
Алматы

В ходе ОКО были проверены объекты инфраструктуры, состояние технических средств, содержание путей, обеспечение безопасности движения на железной дороге. По каждому участку, предприятию составлен перечень замечаний и недостатков, которые необходимо устранить.

Результаты осмотра показали, что не на должном уровне организована работа раздельных пунктов при расширении зоны обслуживания. По станциям Сары-Кум, Сары-Курак, Жоламан, Дала, Дос, Мюль-Кум, Копр, Кальне, Егесун, Ак-Озек, Молалы, Караой и разъезду № 2 выявлен ряд замечаний. Телеграфные указания по БД не доводятся до причастных работников.

Со стороны участковых ревизоров движения не принимаются должные меры. По разъездам № 1, 3 и станциям Шолкызыл, Каракум, Кокшалгын, Арғанаты, Коскудук, Отар, Жингелды допускается закрепление как брошенных поездов, так и отдельных групп вагонов недостаточным количеством тормозных башмаков. Кроме того, со стороны ДСП, ДСПП не учитываются примечания пункта 3.10.1 ТРА станции.

Более того, работниками станции Достык более девяти месяцев эксплуатируются радиостанции марки «Связь Р-45» с истекшим гарантийным сроком. По станции Алтынколь не соблюдаются меры безопасности при работе в одном маневровом районе двух и более маневрирующих локомотивов. Дежурным аппаратом системно допускаются грубейшие нарушения пункта 3.5 ТРА

станции. По станциям Достык, Жетысу на соединительных путях допускаются оставление вагонов, где не предусмотрен расчет нормы закрепления согласно ТРА станции.

– В целях исключения повторяемости и предотвращения возникновения нарушений безопасности движения со всеми связанными работниками проработать вышеуказанные нарушения, по выявленным отступлениям проводить профилактические работы с последующим принятием корректирующих и предупреждающих мер, – говорит первый заместитель директора Алматинского отделения грузовых перевозок Нуржан Курманалиулы.

В локомотивном хозяйстве результаты показали, что в эксплуатационных депо не организована работа с локомотивными бригадами, допускаются нарушения выполнения должностных обязанностей. Было рекомендовано усилить контроль над качеством проведения сервисного обслуживания на плановых видах ремонта, повторно изучить с локомотивными бригадами Регламент действий в аварийных и нестандартных ситуациях. По вагонному хозяйству по выявленным отступлениям необходимо проводить профилактические работы с последующим принятием корректирующих и предупреждающих мер в целях исключения повторения. Организовывать работу по своевременному обеспечению необходимыми запасными частями и материалами стеллажных хозяйств пунктов технического обслуживания, контрольных пунктов и постов.

В рамках осмотра внимание комиссии было приковано к вопросам охраны труда, технологии и качеству ремонта подвижного состава, материально-техническому снабжению, бытовым условиям работников. В ходе проверки было выявлено упущение по организации своевременного ремонта и технического обслуживания СПС восстановительных и пожарных поездов, также снегоуборочной техники.

Фото автора

## ГАРАНТИЯ БЕЗОПАСНОСТИ



**Особенности подготовки, обслуживания и эксплуатации автотормозов в осенне-зимний период рассмотрели участники ежегодной осенней автотормозной конференции в Оскеменском эксплуатационном локомотивном депо (ТЧЭ-22). Также в повестку включили разработку мероприятий и рекомендаций по недопущению случаев неисправности систем в работе и взаимодействии смежных служб при нестандартных ситуациях.**

**Ольга УШАКОВА,**  
Усть-Каменогорск

В конференции приняли участие руководство и работники ТЧЭ-22, Оскеменского эксплуатационного вагонного депо (ВЧД-24), представители ревизорского аппарата, АО «Вагон Сервис». Открыл конференцию исполняющий обязанности начальника Оскеменского эксплуатационного локомотивного депо Асет Бутабаев, который отметил важность ее проведения, пожелал работать без браков, с соблюдением правил охраны труда для исключения производственного травматизма. Машинист-инструктор ТЧЭ-22 Руслан Мусеменов отметил, что тормозное оборудование подвижного состава должно обеспечивать 100-процентную гарантию безопасности движения. Для машинистов локомотивов со стажем до одного года он напомнил, как следует приводить в действие тормоза при ведении поезда в горном режиме, по спуску круче 0,018, как подготовить автотормозное оборудование для нормальной и бесперебойной работы

в зимних условиях, каковы обязанности локомотивных бригад для обеспечения его исправности, как осматривать вагоны и слесари по ремонту подвижного состава должны готовить тормоза вагонов.

– В ТЧЭ-22 со всеми локомотивными бригадами мы прорабатываем порядок их действий при наступлении сложных метеоусловий, замерзании аппаратов и агрегатов, которые обеспечивают нормальную работу локомотива, отказе тормозов или недостаточном тормозном эффекте в пути, в аварийных и нестандартных ситуациях, – отметил Руслан Мусеменов. – Для машинистов и помощников машинистов, работающих первую зиму, в депо проводят не менее двух технических занятий дополнительно к основным четырем занятиям в месяц. Также дополнительно машинисты-инструкторы проводят сезонную технику с работниками локомотивных бригад – первозимниками по особенностям управления автотормозами и уходу за ними при низкой температуре окружающего воздуха. Сейчас в ТЧЭ-22 работают 11 машинистов со стажем менее одного года.

При этом командно-инструкторский состав ТЧЭ-22 тщательно анализирует причины неправильного управления автотормозами на участках обслуживания депо.

Инструктор по автотормозам и буксовому узлу Оскеменского эксплуатационного вагонного депо Нурлан Наурызбаев рассказал о состоянии безопасности движения поездов по департаменту вагонного хозяйства и ВЧД-24, отметив, что осенне-зимний период негативно влияет на стабильную работу автотормозного оборудования грузовых вагонов. Для того чтобы предупредить отрицательные последствия, по Оскеменскому эксплуатационному вагонному депо зимой 2022/2023 годов предстоит большая работа. Она состоит из нескольких задач, включая подготовку и обучение первозимников по техобслуживанию и ремонту автотормозного оборудования в зимний период.

В завершение конференции ее участники внесли дополнения и изменения в «Местную инструкцию по управлению автотормозами» для повышения уровня безопасности движения поездов.

## В ФОРМАТЕ ОТКРЫТОГО ДИАЛОГА

(Окончание. Начало на 1-й стр.)

Как отметил директор по безопасности движения АО «НК «КТЖ» Марат Шакиев, для снижения влияния человеческого фактора на безопасность движения 2022 и 2023 годы объявлены Годом развития культуры безопасности движения. Основное внимание акцентируется на повышении квалификации и психологической подготовленности работников, от которых зависит обеспечение безопасности движения поездов. Более девяти тысяч работников массовых профессий уже прошли обучение. Внедрена система мотивации персонала, улучшаются условия труда. За предотвращение нарушений безопасности движения премированы более 500 человек.

Продолжается работа по автоматизации процесса сбора информации и контроля принимаемых мер по устранению замечаний службами и линейными предприятиями железной дороги. Так, автоматизируются «Книга замечаний машиниста», «Комиссионный месячный осмотр станции», «Учет и хранение тормозных башмаков», «Учет и расследование отказов технических средств». В рамках программ «Цифровой Казахстан» и «Цифровая трансформация» внедряются современные методы работы на магистральной сети.

– Цифровое развитие и внедрение инноваций в инфраструктуру железнодорожного транспорта, безусловно, способствуют прорывным улучшениям в сфере развития предупреждающих мер и снижению риска нарушений, – отметил Марат Шакиев.

В ходе форума шло обсуждение актуальных проблем, состоялся обмен мнениями, рекомендациями. О культуре безопасности говорил председатель комитета ОСЖД Мирослав Антонович, заместитель генерального директора – начальник департамента безопасности движения ОАО «РЖД» Шейкет Шайдуллин и президент ассоциации «Объединение производителей железнодорожной техники» Валентин Гапанович отметили слаженную работу с казахстанскими коллегами в вопросах обеспечения безопасности движения на железной дороге. Эксперты говорили о том, что владелец каждого процесса должен определить и оценить свои риски, затем принять меры по их минимизации. В обеспечении безопасности движения поездов должен быть единый подход.

В рамках форума состоялась выставка железнодорожной продукции и цифровых технологий, интеллектуальных разработок Академии логистики и транспорта, прошли четыре панельные сессии со спикерами по вопросам обеспечения безопасности, вагонного хозяйства, модернизации транспортной системы и цифровой трансформации, подготовке кадров для транспортно-логистической и коммуникационной отрасли.

## К НОВЫМ РЕКОРДАМ

**Аслан КУДАБАЕВ,**  
Костанай



ПОГРУЗКА

**По трем основным номенклатурам перевыполнили план погрузки по итогам сентября в Костанайском отделении грузоперевозок.**



Как сообщил заместитель директора филиала ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» – «Костанайское отделение ГП» Ерден Аманов, в число этих трех номенклатур входят строительные грузы, зерно, продукты перемола. По итогам сентября в Костанайском регионе было фактически погружено 758 вагонов, или 52,3 тысячи тонн. Это свыше установленного плана на 25,3 тысячи тонн.

Что касается зерна, при плане погрузки на месяц в 1 590 вагонов было отгружено 3 444 вагона, что выше плана на 130 тысяч тонн. По продуктам перемола, при плане погрузки на месяц 46,3 тысячи тонн было погружено 131,1 тысячи.

В целом же, как сообщил Ерден Аманов, если считать все номенклатуры, по Костанайскому отделению ГП был отгружен 1 миллион 703,1 тысячи тонн различных грузов. В среднем в сутки на станциях региона отгружалось 865 вагонов, или 56,8 тысячи тонн. И, наверняка, это еще не предел.

Фото автора

## Рационализаторство

### ПРЕДЛОЖЕНИЯ ДЛЯ УЛУЧШЕНИЯ

**Сегодня для многих железнодорожников Акмолинского региона рационализаторская работа – как вторая профессия. Она не только отвечает за улучшение производственных процессов, но и объединяет коллектив. По итогам третьего квартала 2022 года работники стальной магистрали перевыполнили план и подали 102 рационализаторских предложения.**

**Руслан РАХМЕТОВ,**  
Астана

Постоянный творческий поиск – важный фактор роста производственно-технического потенциала железнодорожных предприятий региона. Работники не только подают установленные планы предложения, но и перевыполняют его. Так, из 82 необходимых творческих идей железнодорожники подали 102. Из них три рационализаторских предложения с ожидаемыми экономическими эффектами на общую сумму 193 012 540 тенге.

Из 102 предложений четыре отклонены по разным причинам, 75 уже завершены, и по ним произведены оплаты авторам. Остальные находятся на рассмотрении.

– При плане 30 фактических внедренных новшеств их количество составляет 41 единицу. Количество новаторов в

регионе, зарегистрированных в базе данных, достигло более 100 человек. Они стараются воплощать идеи, которые не только оттачивают производственный процесс, но и влияют на соблюдение норм охраны труда и техники безопасности. Мощным рычагом стимулирования рационализаторской деятельности в компании являются материальные и моральные поощрения, – отмечает начальник Центра научно-технической информации и анализа Акмолинского отделения магистральной сети Жасулан Даутов.

Согласно Правилам морального поощрения в АО «НК «КТЖ», награды «Үздік рационализатор» вручены начальнику производственно-технического отдела Курорт-Боровского эксплуатационного отдела (ВЧД-34) Кадару Ергалиеву, главному специалисту службы безопасности НОДПП-1 Кокшетау Аслану Каримбаеву, ведущему



инженеру промышленной безопасности и экологии Атбасарской дистанции пути (ПЧ-20) Виталию Бакирову. Авторам и соавторам рационализаторских предложений региона по итогам третьего квартала выплачено более трех миллионов тенге.

Фото автора

«Қазақстандық салалық теміржол, автомобиль, әуе және су көлігі қызметкерлерінің кәсіби одағы» қоғамдық бірлестігінің «КТЖ-Жүк тасымалы» филиалы басшылығы мен еңбек ұжымы Сексеуіл локомотив пайдалану депосының бұрынғы кәсіподақ комитетінің төрағасы, сала ардагері

**Жақсылық Сүйінгараевтың**

қайтыс болуына байланысты марқұмның отбасы мен балаларына қайғыларына ортақтасып, көңіл айтады.

№82 (2797) 18/10/2022

## ТАРЛАН ТЕМІРЖОЛШЫҒА ҚҰРМЕТ

**Атырау жүк тасымалы бөлімшесінде мемлекет және қоғам қайраткері, Атырау қаласы мен облысының Құрметті азаматы, Құрметті теміржолшы Амангелді Селбаевтың 80 жылдық мерейтойы аталып өтті.**

Шараға Астана, Ақтөбе, Маңғыстаудан келген қонақтар, той иесінің замандастары мен әріптес ізбасарлары қатысты. Ғимарат фойесінде мерейгер өмірінен сыр шертетін фото көрме ұйымдастырылып, келген қонақтарға естелік кітап сыйға тартылды.

Мерейтой иесінің шәкірттері атынан сөз алған «ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС «Батыс» филиалының директоры Бөріхан Беркімбаев көпшілікті А.Селбаевтың өмірбаяны мен еңбек жолымен таныстырды. «Амангелді Селбайұлының саналы ғұмыры отандық теміржол көлігін дамытуға, оның ішінде батыс өңірін түлетуге арналды. Ташкент темір жол инженерлері институтын бітіріп, өн-



дірістің барлық сатысынан өткен теміржолшы Қарабатан, Ескене станцияларында кезекші, күрделі Мақат станциясының маневрлік диспетчері, Гурьев және Маңғыстау облыстарын қамтитын Гурьев темір жол бөлімшесінің аға диспетчері болып тасымалды ұйымдастыру ісіндегі кәсіби шеберлігін шыңдады. Облыс орталығындағы басты өнеркәсіп, құрылыс қуаттарын қамтитын, ең маңызды, қызмет ауқымы кең Гурьев-1 стан-

циясын, сосын Гурьев бөлімшесін басқарған тарлан теміржолшы бөлімшесінің кадрлық қорын жасақтауға да айрықша көңіл бөлді. Жергілікті жастарды темір жол институттары мен техникумдарында, арнаулы техникалық мектептерде оқытып, жұмысқа тартты. 1991 жылы Гурьев облысы өңірінен Қазақ ССР Жоғары Кеңесінің депутаты болып сайланып, өңірдегі талай әлеуметтік мәселелердің түйінін тарқатуға ықпал етті. 1996 жылы бүкіл Батыс Қазақстан темір жолының басшысы, «Қазақстан темір жолы» РМК құрылған соң Батыс аймақтағы өкілі қызметін атқарып, зейнетке шыққанша тынымсыз тер төккен аға буын өкілі, ұстазымызды мерейлі жасымен құттықтаймыз, – деген Б.Беркімбаев қазақы достармен мерейтой иесінің иығына зерлі шапан жапты.

Құттықтау рәсімін мерейгердің көзкөрген әріптестері мен үзеңгілес достары жалғастырып, тарлан теміржолшының еңбек жолындағы ерекше оқиғаларды еске алысты, өлке теміржолының дамуына сіңірген зор еңбегін атап өтті.

**Қосұйым МҰҚАШЕВ, Атырау**  
*Суретті түсірген автор*

## В МУЗЕЕ – ЧУДОДЕИ



**Музей железнодорожников Уральска является не только хранителем истории Казахстана железной дороги, но и площадкой для подготовки педагогических кадров.**

В рамках республиканских курсов учителей, проходивших в Уральске на базе областного центра детско-юношеского туризма, состоялась экскурсия в музей железнодорожников, которая проводилась на казахском и русском языках, а потом был проведен тест-опрос по прослушанному материалу.

По инициативе редактора научно-методического журнала «Сокпак-Тропинка», который издается ОЦДЮТ, Куралай Кайрлиевой, прошел и небольшой тренинг: один из слушателей проводил «экскурсию» по данному музею, остальные участники были «детьми», им предлагалось оценить «урок» своего товарища. Желающих стать экскурсоводом было неожиданно много, и материал, как показала практика, слушатели усвоили очень хорошо.

Надо сказать, их очень впечатлили лекции об истории железной дороги Казахстана и Приуралья, в частности, в исполнении Почетного железнодорожника Михаила Надточего и заведующей музеем Гульбарши Мангитаевой, а также огромное количество экспонатов, возможность их рассмотреть и даже потрогать настоящее оборудование, которым пользовались железнодорожники 50-100 лет назад.

Очень тронули стихи, посвященные учителям, заместителя председателя совета ветеранов-железнодорожников Уральского региона Валентины Надточей в авторском исполнении. Ее обращение к учителям вдохновило гостей города. В завершение мероприятия Гульбарши Мангитаева призвала слушателей приводить своих учеников на экскурсию в местные музеи железнодорожников, подчеркнув, что они проводятся бесплатно.

**Яна ЛЕНИНА, Уральск**  
*Фото автора*

## ВНИМАНИЕ ЛЮДЯМ



КАК ЖИВЕШЬ, СТАНЦИЯ?

**В Карагандинском регионе произошло слияние двух станций Топар и Карабас. Помимо ежедневных дел, связанных с погрузкой и отгрузкой товара, безопасностью движения поездов, здесь также большое внимание уделяется и социальному развитию узлов.**

Согласно установленным нормам, станция Топар считается грузовым узлом первого класса. При этом месячная погрузка составляет около 360 вагонов. Кроме того, осуществляется ремонт 15 вагонов в сутки. Основная функция подъездного железнодорожного пути при станции Карабас – обеспечение бесперебойной реализации продукции, производимой дробильно-сортировочными фабриками Карабасского производства. Отгрузка продукции ведется круглосуточно.

– На узлах трудятся железнодорожники, представляющие династию нескольких поколений, – рассказывает начальник станций Топар и Карабас Руслан Смагулов. – Не забывают здесь и о людях, ушедших на заслуженный отдых. Их регулярно навещает руководство и молодые работники узла.

В свою очередь представители профсоюзного комитета заботятся и о сотрудниках станции. Для них предусмотрены различные льготы, согласно Коллективному договору, а также корпоративные выезды в зоны отдыха станции Топар.

Что касается социального обеспечения узлов, то в ближайшее время на станции Топар построят физкультурно-оздоровительный комплекс на 100 мест по программе «Ауыл – Ел бесігі», строительство, предположительно, завершится в 2023 году. Ко всему прочему рабочими производится благоустройство парка Энергетиков, который радует посетителей на протяжении 22 лет.

Сегодня на двух значимых станциях осуществляется ремонт тепловых и водопроводных сетей.

**Светлана МОГАЙ, Караганда**

## ТАЛАПТЫҒА НҰР ЖАУАР

**Маңғыстау жүк тасымалы қосалқы бөлімінің бастығы Нәжімеден Ғұбашов республикалық сайыста білімі мен кәсіби біліктілігін дәлелдеп, «Жас үздік маман» атанған түбектік теміржолшы Бекмырза Қожаевты жұмыс орнына арнайы барып құттықтады.**



Маңғыстау станциясында пойыз құрастырушы болып еңбек ететін Бекмырзаның теміржол саласындағы бес аталым бойынша Астана қаласында өткен «Жас үздік маман» республикалық салалық байқауында топ жарғаны бүкіл түбек теміржолшыларының мерейін өсірді. Пойыз құрастырушылар бағыты бойынша алдымен өз мекемесі шеңберінде, сосын Маңғыстау қосалқы бөлімі бойынша сынақтардан сүрінбей өтіп, елордаға жолдама алған жас жігіт өзге өңірлерден жиналған әріптестерінің арасында да біліктілігін таныта білді. Өз саласының қыр-сырын жақсы меңгеріп, түбек теміржолына абырой сыйлаған жас теміржолшыға Құрмет грамотасын табыстаған бөлімше басшысы үздік жас мамандарын алдағы жұмысына сәттілік тілеп, болашағына сенім артты. Маңғыстау теміржолы қашанда білікті мамандарымен мақтанатынын жеткізді.

Бекмырза Қожаевтың ендігі мақсаты – ҚТЖ компаниясының «100 жас есім» жобасының іріктеуінен өтіп, таңдаулы жастардың қатарынан көріну. Айтуынша, оған бұл мамандықты меңгеріп, жетістікке жетуіне жігер беретін анасы екен. Бекет кезекшісі болып еңбек ететін теміржолшы әйел баласын жастайынан осы салаға дайындап, кәсіби білікті маман болып қалыптасуына барын салған екен.

– Әкем мұнай саласында еңбек етсе, анам «Р» бекетінде кезекші. Мені бұл кәсіпке баулыған, теміржолшы болып қалыптасуыма ықпал еткен – анам.

Бала кезден анаммен көп жүріп, оның жұмысының қыр-сырымен таныс болып, көріп өстім. Мектепті бітірген соң Алматыдағы теміржол академиясына тасымалды ұйымдастыру мамандығы бойынша оқуға түсіп, тиянақты білім алдым. Биыл жеті жыл болды, өндірісте еңбек етіп, қозғалыс саласының барлық «нюансын» меңгеріп жатырмын. Өзім атқарып жүрген міндетті толық біліп, іс жүзінде қалай қолдануды білмесем, маған сын болар еді. Сондықтан, байқауда барлық сауал өзіміздің күнделікті жұмыстарымызға қатысты болғанын еш қиындық туғызбады. Сынақтар, байқаулар негізі адамды ынталандырады, шыңдайды. Мен бүгінде «100 жас есім» жобасының бірінші іріктеуінен өтіп, екіншісіне дайындалып жатырмын. Ең бастысы, алдына мақсат қойып, армандай білу керек. Ал ынта мен жігерің болса бәрине қол жеткізуге болады, – дейді Бекмырза Қожаев.

Кейіпкеріміз жас болса да отбасын құрып, бүгінде екі баланың әкесі атанып отыр. Сондықтан барлық бос уақытын ұлдарының тәрбиесіне арнайды. «Болашақ теміржолшылар әулетінің мүшелері» деп қалқындайды. Болашақта отбасылық футболшылар командасын жасақтауды армандайды. Өйткені өзі спортты жақсы көреді, Маңғыстау теміржолшыларының футбол командасының белді мүшесі.

**Шахида ЖҰМАН,**  
*Маңғыстау*  
*Суретті түсірген автор*

## ҚОСТАНАЙҒА КӨМЕК

**«ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС «Батыс» филиалының ұжымы Қостанай облысындағы өрттен жапа шеккен тұрғындарға көмек қолын созды.**

«Батыс» филиалының кәсіподақ төрағасы Ғабит Садықов өрттен зардап шеккен көрші облысқа теміржолшылар атынан көмектесу ерікті түрде жасалғанын хабарлады. Өңірдегі кәсіподақ ұйымдарының атсалысуымен миллион теңге жиналып, қаражат төтенше жағдай орын алған аймаққа жіберілген.

«Қостанай өңірінде болған өрттен үй-жайы жанып кетпін далада қалған талай отбасыны көрдік,

ішінде өзіміздің теміржолшылар да бар. Көрші облыстағы ағайынға қолмыздан келгенше көмектесу ниетімен миллион теңге жинап жібердік. Айта кетсек, өңірде бірнеше гуманитарлық көмек қабылдау пункті жұмыс істеп жатыр. Теміржолшылар, әсіресе жастар тарапынан көмек жұмыстары белсенді ұйымдастырылуда», – деді Ғабит Садықов.

**Ардақ ЕРҰБАЕВА, Ақтөбе**

## ЗДОРОВО, КОГДА НА СВЕТЕ ЕСТЬ ДРУЗЬЯ!



**Веселые спортивные соревнования для воспитанников «Детской деревни» в Усть-Каменогорске провели представители первичных профсоюзных организаций ОО «Казпрофтранс» и молодежного крыла станции Оскемен-1.**

На патронажном воспитании у железнодорожников – шесть детей. Но праздник они решили устроить всем. Поэтому эстафету «Веселые старты» и турнир по футболу было решено провести на футбольном поле «Детской деревни». Здесь собрались около полусотни воспитанников разного возраста, от малышей до самых старших.

В начале соревнований исполняющая обязанности директора ГУ «ВКО Детская деревня» Кульчан Кыстаубаева рассказала, что 25 октября в Казахстане отметят День Республики, и их друзья с железной дороги решили организовать для них спортивные мероприятия накануне этого праздника. Представитель центрального совета ОО «Казпрофтранс» Айгуль Жайлаубаева добавила, что



в этом году профсоюзу исполнилось 30 лет, а АО «НК «ҚТЖ» – 25.

Для участия в состязаниях дети разделились на шесть команд: «Тулпар», «Стрела», «Бірлік», «Чебуреки», «Арлан» и «Орлы».

Инструктор-организатор ФСК «Локомотив» Арман Зайнолдинов рассказал, что в ходе шести эста-

фет каждому участнику предстоит бегать, везь баскетбольные мячи, прыгать с ними, мчаться наперегонки с ракетками и теннисными шариками, при этом стараясь не придергивать их руками и не давать упасть, прыгать в надетых на ноги мешках. Это было шумно и весело: болельщики поддерживали

игроков, выкрикивали их имена, а те старались быстро и четко выполнить все задания эстафет.

После «Веселых стартов» две команды воспитанников сыграли на поле в футбол. К слову, в «Детской деревне» проживают дети в возрасте от четырех до 18 лет, в соревнованиях участвовали юные физкультурники от семи до 17 лет.

И вот подошли к самому интересному – наградам для победителей. Кубок футбольной лиги ОО «Казпрофтранс-22» получила команда «Тулпар», занявшая первое место в турнире по футболу.

Диплом за третье место в эстафете «Веселые старты» Айгуль Жайлаубаева вручила команде «Арлан». Второе место – «Чебуреки». Первое место опять же завоевала команда «Тулпар».

В подарок воспитанникам «Детской деревни» получили большие торты, сертификаты в кинотеатр «Юбилейный» на любой сеанс, футбольные мячи.

...Все-таки хорошо иметь таких друзей!

**Ольга УШАКОВА,**  
*Усть-Каменогорск*  
*Фото автора*

## САМ СЕБЕ ВРАЧ

**В Павлодарском отделении ГП прошел практический тренинг по оказанию первой медицинской помощи. Сегодня участвовали случаи внезапного ухудшения здоровья у железнодорожников на рабочем месте.**

Обучающее и профилактическое мероприятие было организовано руководством отделения ГП, которое пригласило сотрудников ТОО «Медикер ПМ». Компания оказывает медицинское обеспечение на промышленных предприятиях и гигиену труда.

– В последнее время в АО «НК «ҚТЖ» участились случаи внезапного ухудшения здоровья на рабочем месте. Частая причина – повышение артериального давления. Мы решили, что наши сотрудники должны уметь оказывать первую медицинскую помощь коллегам. Владение этими навыками до прибытия врачей может не только минимизировать последствия, но и спасти человеку жизнь. В тренинге приняли участие работники хозяйства движения, вагонного депо, локомотивных бригад, – рассказала начальник отдела производственной безопасности и экологии отделения ГП Эльмира Караханова.

Тренинг состоял из теоретической и практической частей. Сотрудники ТОО «Медикер ПМ» сначала подробно рассказали о ключевых правилах и алгоритме оказания первой помощи. Работники филиала научились оперативно принимать самостоятельные решения, распределять роли между участниками первой помощи, проводить сердечно-легочную реанимацию, обеспечивать мониторинг и умение поддерживать жизненно-важные функции, используя аптечку индивидуальной медицинской помощи. Во время мастер-классов каждый участник под руководством инструктора отработал алгоритм действий в различных ситуациях. Например, проведение сердечно-легочной реанимации, используя специальный манекен.

**Айдана ЕРТАЙ, Павлодар**  
*Фото автора*

<p><b>ҚАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ</b></p> <p>Бас редактор <b>Дина Муздубаева</b></p> <p>Бас редактордың орынбасары <b>Меруерт Өмірзақова</b></p>	<p><b>Газет басылатын қалалар:</b> Астана, Сілеті 30 «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС Ақтөбе, Смағұлов көш., 9/2. «Хабар-Сервис» ЖШС Шымкент, Әлімқұлов көш., 22. «ERNUR Print» ЖШС</p> <p><b>Басылымның таралымы 11 340</b></p> <p><b>Газет сейсенбі, жұма күндері шығады.</b></p> <p>Газет шығару және тарату қызметімен «Қазақстандық салалық теміржол,</p>	<p>автомобиль, әуе және су көлігі қызметкерлерінің кәсіби одағы» қоғамдық бірлестігі айналысады. © «Қазақстан теміржолшысы» газетінде жарияланған материалдарды көшіріп немесе өңдеп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты алынып, газетке сілтеме жасалуы міндетті. Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына жауап бермейді.</p> <p><b>Кезекші редакторлар:</b> <b>Л. Ровба, Р. Рахметова</b></p>	<p><b>Меншікті тілшілер:</b> <b>Алматы:</b> Елена Қолдасбаева 8-701-794-98-80 <b>Атырау:</b> Қосұйым Мұқашев 8-778-946-09-66 <b>Шығыс Қазақстан:</b> Ольга Ушакова 8-777-203-51-87 <b>Маңғыстау:</b> Шахида Жұманова 8-707-886-72-45 <b>Орал:</b> Анна Паничева 8-707-910-74-17 <b>Қызылорда:</b> Сабырхан Надірбаев 8-778-409-78-59 <b>Семей:</b> Қуаныш Қожаев 8-775-710-70-53 <b>Жамбыл:</b> Ерман Әбдиев 8-777-682-70-73 <b>Қарағанды:</b> Светлана Могай 8-777-893-66-76 <b>Қостанай:</b> Аслан Құдабаев 8-705-267-44-00 <b>Павлодар:</b> Айдана Ертай 8-777-498-31-61 <b>Ақтөбе:</b> Ардақ Ерубаева 8-702-843-27-97 <b>Шымкент:</b> Нұрлыбек Досыбай 8-702-548-00-92</p>	<p>Редакцияның мекен-жайы: Астана қ., Д.Қонаев көшесі 6. тел: 8 (7172) 60-44-87, 60-44-88, 60-44-92</p> <p><b>Газетті тарату жөніндегі менеджер</b> <b>Асель Распаева,</b> тел.: 8 775 198 15 61, e-mail: raspayeva.assel@mail.ru</p> <p>Қазақстан Республикасы Баспасөз және бұқаралық ақпарат ісі жөніндегі Ұлттық агенттігінде тіркеліп, 1997 жылдың 30 шілдесінде №601 тіркеу күәлігі берілді.</p>
---	--	--	--	--